


ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТАРИХЫ

Орта ғасырлық тарихшының
жұмысының пәні мен әдістері





Дәрістің жоспары:

1. Орта ғасырлық тарихшының жұмысының пәні мен әдістері
2. Ортағасырлық тарихшылар мен олардың аудиториясы

Дәрістің маңызды идеялары: Орта ғасыр тарихшыларының зерттеулерінің аясында ең алдымен саяси қауымдастықтардың тарихи тіршілігі болды. Латын Еуропасының тарихнамасы өзіндік ерекшелігін діни экзегетиканың контекстінде анықтады. Ортағасырлық тарихшылардың қатары тарихшылар, епископтар мен монастырь қауымдастықтарының өкілдері болды.

Дәрістің маңызды цитаталары:

«Шіркеу қанмен пайда болды, қанмен бекітілді және қанмен кеңейді» (Эразм Роттердамский) – «Церковь основана на крови, кровью скреплена и кровью расширилась».

«Еркі бар адам үшін қиын ештеңе жоқ» (Э. Роттердамский) - «Ничего нет трудного для человека, имеющего волю».

Орта ғасырлық тарихшының жұмысының пәні мен әдістері.

Латын ортағасырлық тарихнамашыларының санасында өткен тарихта болған оқиғалар олардың өздері туралы әңгімемен сәйкес келетіндей болып көрінген.



Латын Еуропасының алғашқы энциклопедияшы - ғалымының бірі, ИСИДОР СЕВИЛЬСКИЙ (шамамен 570-636 ж.), тарихты өткендегі оқиғаларды баяндайтын әңгіме деп санады. «Іс-әрекеттер», «оқиғалар» деген сөздер жиі тарихи жазбалардың тақырыптарына орналастырылып, жекелеген ұлттар өмірінің сипаттамасын білдірді. Тарихнама бұрынғы оқиғалар туралы әңгімелер жинағы деп ойластырылды. Оны зерттеу жұмысы деп қабылдаған ғалымдардың саны аз және жеткіліксіз еді.

Орта ғасырда тарихнамалық жанрлардың әмбебап классификациясы болмады. «Тарих» (іс-әрекет) және «хроника» (жылнама) ұғымдарының арасында айырмашылықтар бар болғандықтан, бұл ұғымдарды бір-бірінен жиі алшақтатып отырды.

Тарихи іс-әрекеттерді баяндау барысында оларды сипаттайтын әңгімелерге басымдық беріледі. Бұл әңгімелерде әр-түрлі тарихи оқиғалар туралы айтылған, олардың себеп-салдары түсіндірілген. Бұл тарихи әңгімелер (іс-әрекеттер) егжей-тегжейлі болып жазылыпты. Тарихи әңгімелермен салыстырғанда хроникалар (жылнамалар) қысқа және оқиғаларды ретімен, уақыт кезегі бойынша белгілеуге бағытталған болатын. Әдетте, алғашқы хроникалар ауа-райы туралы фактілердің жинақтары еді.

Осындай логикалық және хроникалық кезектіліктерді біріктіру ұзақ уақыт бойы мүмкін болмады. Уақыт өте келе екі түрлі кезектіліктерден құрастырылған аралас жанрлық формалар дамыды. Хроникалық тәртіп пен тарихи әңгімелердің әдеби мәнерлілігін біріктіретін туындылар пайда болды. **Тарих пен хронографияның қосындысы** «тарих және хроника» деп аталды.

Орта ғасыр тарихнамасының өзін-өзі айқындауы оның өз тақырыбы мен мақсатын нақты анықтауынан байқалды. Олар «еске сақтауға лайық» деген өте кең түсінікпен сипатталды. Бұл өткеннен ерекше маңызы бар нәрсені есте сақтау ниетін білдірді. Орта ғасыр тарихшыларының зерттеулерінің аясында әлеуметтік және экономикалық өмір туралы мәлімет жинақталмады. Тарихи кезенді әңгімелеуде ең алдымен зерртеушілердің назарында саяси қауымдастықтардың тарихи тіршілігі болды.

Тарихшы оқиғаларды сипаттады. Бұл соғыстар, зайырлы және шіркеулік жоғарғы қауым мүшелері арасындағы қарым-қатынастар, шіркеу тарихына қатысты фактілер еді. Осы тарихи әңгімелерде зайырлы немесе шіркеулік биліктің қалыптасуы, дамуы және сабақтастығы бейнеленіпті.

Орта ғасыр авторлары үшін, өткен оқиғалар және өз замандарында орнаған тәртіп арасындағы сабақтастықтың, үздіксіздіктің сақталуы керек құбылыс ретінде қабылданды. Себебі осы сабақтастық қоғамда орнаған тәртіпті дұрыс түсінуге мүмкіндік берді. Қоғамдағы өзгерістерді түсіндіру қиын болғандықтан орта ғасыр тарихшылары өзгерістерді алдамшы және қауіпті деп көрсетті.


Тарихтың даму барысы патшалардың, князьдердің, епископтардың іс-әрекеттерін ашып көрсету арқылы суреттеліпті. Олар жеке тұлғалар келбетінде емес, әлеуметтік пайдалы функцияларды біріктірген, бүкіл қоғамды тұтастай бейнелейтін құбылыс ретінде қарастырылған екен.



Кітап: Тарих ғылымының тарихы

Дәріс: Орта ғасырлық тарихшының жұмысының пәні мен әдістері

Латын Еуропасының тарихнамасы өзіндік ерекшелігін тарихи әңгімелер туралы қалыптасқан көзқарас арқылы, діни экзегетиканың контекстінде анықтады.



Экзегетика - бұл библия мәтіндерін оқу және түсіндіру тәжірибесі.

Библия экзегезасы мемлекеттер мен халықтар тарихын Қасиетті тарихтағы ерекше деңгейдегі оқиғалар деп, ал тарихи мәнді оларды түсінудің ерекше тәсілі деп санады.


Библия мәтіндерін тарихи түсіндіру олардың тік мағынасын анықтауды ғана құрды. Тарихи түсініктеме аллегориялық (жасырын мәні бар), тропологиялық (моральдық) және анагогикалық (тылсым) түсіндірмелерден ерекше болды.

Ветхий Заветте қамтылған тарихи жазбалар, шынайы және күнделікті фактілер ретінде түсініліп, христиандар үшін өздерінің тарихы болып қабылданды. Ветхий Завет дәстүрі, ортағасырлық тарихи шығармалардың үлгісі болып табылды. Бұл Құдай жолындағы өзін Құтқаруға апара жатқан халықтың тарихы. Құдайдың аяны бұл халыққа тарихтың түрлі қиын кезеңдерінде беріледі. Құдайдың жер бетіндегі істерге араласуы дүниежүзілік көлемдегі, әлемдік тарихи маңызы бар салдарының туындауына әкеледі. Христиан Құдайы тарихтың да құдайы кейпінде көрсетілді. Сондықтан тарих туралы білім Құдай туралы білу үшін қажет.

Киелі жазбалар жүйесіне арнайы және қажетті құрамдас бөлік ретінде қосылған тарих, орта ғасырда дамыған ғалымдар мәдениетінде ғылыми тәжірибе ретінде танылды. Тарихқа деген бұндай көз-қарас ежелгі дәуір кезінде болмаған еді.

Орта ғасырда тарихи үдерісті талдау - ол тарихи материалдарға қосымша қасиетті мәтіндерді аллегориялық, тропологиялық және анагогикалық түсіну тәсілдерін пайдалану еді. Тарихи процестің жалғыз мағынасы тарихи дінтану болып табылды. Діни-теологиялық ойдың мақсаты - Қасиетті тарихты іске асыру барысына нақты оқиғаларды орналастыру болды. Бірақ ол өткен және бүгінгі күнге қатысты басқа да пікірталастарды ығыстырып тастай алмады. Мысалы, жеке оқиғалардың кезектілігін белгілеу жайлы, олардың қатысушыларының іс-әрекеттері арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтау жайлы тартыстар тоқтамады. Себебі, тарихи процестің қатысушыларының нақты ынталандыру себептері болды.

Христиандықтардың тарих туралы тұжырымдамасындағы басты идея - ол Жаратылыс күнінен бастап Қиямет күніне дейін бүкіл халықтарды қамтитын әмбебап үдеріс туралы ойлар. Осы идея ортағасырлық тарихнаманың жекелеген ескерткіштерінде көрініс тапты. Бұл шығармалардың авторлары жекелеген халықтар мен олардың билеушілерінің бастан өткізген оқиғаларын, даму барысын дүниежүзі тарихының тұрғысына кіргізуге ұмтылды.



Орта ғасырдың танымал тарихшыларының бірі, епископ ОТТОН ФРЕЙЗИНГЕНСКИЙ (1111жылдан кейін -1158 жж.) өзінің «Шежірелер» -«Хроники» кітабында (1143-1146) адамзат тарихын Адам атадан бастап 1146 жылға дейін баяндап берді.



Ортағасырлық тарихнама Августиннің тарихты алты кезеңге бөлуін қабылдады:


- 1) Адам атадан бастап Топан суға дейін
- 2) Топан судан бастап Ыбрайымның туылуына дейін
- 3) Ыбрайымның туылуынан Дәуіт таққа отыруына дейін
- 4) Дәуіттен Вавилонды басып алғанға дейін
- 5) Вавилонды басып алудан Иисус Христосқа дейін
- 6) кейінгі уақытта орын алған соңғы оқиғалардан Второе пиршество деп аталған тарихи кезеңге дейін.

Ветхий Заветтегі (Ескі өсиет) «Даниилдың кітабы» (Книга пророка Даниила) аңызында Төрт патшалықтар немесе империялар туралы ұғым бар. Иероним оларды бабылдық/вавилондық, парсы, македон және рим патшалықтары деп анықтады.

Ортағасырлық тарихнамада Рим патшалығы герман билеушілерінің империясы ретінде түсіндірілді. Рим империясымен тікелей сабақтастықтың болуы Герман империясының заңдылығын растады. **Римнің құлауы адамзат тарихының аяқталуын және сол себепті ортағасырлық Герман империясының күйреуін күтуді білдірді.**

Мұндай қоғамның дамуы туралы әмбебап тарихи-діни сызба-жобалар тарихты жазу барысында көрсетілмеген.

Антикалық дәстүрге тән салыстырмалы жыл санау орта ғасырларда да сақталған. Оқиғалар жылнамасы императордың билік ету жылдарымен немесе қалалық консулатты енгізген күннен бастап анықталған. Осындай тәртіп Солтүстік және Орталық Италия қалаларының жылнамаларында болған екен. Алайда, бірте-бірте, Христостың тууы, Шоқындыру рәсімі және Христостың бастан кешкендері (Страсти Христа) жылнама ауқымын анықтайтын әлемдік тарихтың негізгі кезеңдері ретінде қабылданды.



Христостың туған күнінен кейінгі кері санау дәстүрін 731 жылы ағылшын тарихшысы Беда Достопочтенный АСА ҚАДІРЛІ БЕДАМЕН (672/673 – шамамен 735) тарихнамаға енгізді. Осы тәртіп жан-жаққа XI ғасырда таралды. Әдетте тарихи сипаттамада өткеннің фактілері еркін түрде топтастырылған жылнамалық негіз болды. Әлем мен қоғамның дамуын шынайы бейнелеу орта ғасыр тарихшыларының мақсаттарына жатпады.

Тарихты өткен жайлы шынайы әңгіме ретінде анықтау ортағасырлық ғылымдар мен әдебиет саласындағы оның орнын көрсетеді.

Тарихи жазбаларды жазу «жеті еркін өнер» жүйесіне арнайы пән ретінде енгізілмеген. Бірақ бұған қарамастан, тарих зияткерлік қызметтің түрі болып саналды.

Орта ғасырлар тарихнамасы, өз ережелері болмағандықтан, ортағасырлық ғылыми білімнің жеке пәндеріне негізделген принциптерге бағынды. Тарихтану, бір жағынан, өз ережелерін ортағасырлық білімнің бастапқы циклі - тривиум пәнінен иемденіп алды:

- грамматикадан - лайықты оқиғалар таңдау идеясын
- риторикадан – айтылғанның ақиқаттылығын талап етуді
- диалектикадан - ой мен ойлаудың формалды ұйымдастырылу мәдениетін.

Орта ғасырдағы тарихшылар, сонымен қатар, екінші білім деңгейі – квадриумның нормаларын да басшылыққа алған болатын. Квадриум – есептеудің, сандардың ғылымы (музыка, арифметика, геометрия, астрология). Бұл ғылымдарды білу уақытты есептеу және оның қозғалыс ережелерін анықтау құралы ретінде хронография құрастыру кезінде қажет болды.

Ортағасырлық тарихнама әлі білімнің жеке саласы ретінде қалыптаспады. Мұны XV ғасырдың бірінші жартысына дейін тарих бойынша теориялық нұсқаулықтардың жоқтығы дәлелдейді.

Орта ғасырлық мектепте де, кейінірек университетте де тарих толыққанды оқыту пәні болмады.

Тит Ливийді, Лукианды, Саллустийды, Светонийді, Валерий Максимді оқу арқылы оқушылар грамматика мен өмір даналығын үйренді.




Ғасырлар бойы тарих «өмір мектебі» деп қабылданды. Тек ЭРАЗМ РОТТЕРДАМСКИЙ (1466-1536) ғалымдардың арасынан бірінші болып тарих жаманға да үйретуі мүмкін деген идеяны атап өтті. Ол осы жағдайға алаңдаған. Тарихты «шынайы ғылымдармен» салыстыру ешқашан ешкімнің ойына келмеді. Дінтану, заң ғылымы және саяси теорияның қасында тарих тек қосалқы пән болып қалды.



Ең ақылды адамдар тарихтан аулақ жүрді. Орта ғасырлардағы зиялылардың арасында ежелгі заманда дамыған ғалымдарға деген қызығушылық сенімсіздік тудырды. Кәсіби зиялы ортаның қалыптасуы, ортағасырлық жоғары оқу орындарының ашылуы тарихнама үшін зиянды салдарға толы болды. Себебі енді тарихнама оқытудың және кәсіби (дінтанулық-құқықтық) эрудицияның қажеттілігіне бағынды. Білімді зиялылардың тарихқа деген көзқарасы үстірт болды.


Латын Еуропасында кең таралған шығармалар жинағы көп емес еді. Рим авторлары (Лукиан, Саллюстий, Цезарь, Свитоний, Тит Ливий) және Иосиф Флавийдің (кең танымал «Иудейские войны» и «Иудейские древности» - «Иудей соғысы» мен «Иудей көне заттары» деген шығармалардың авторы) шығармаларымен қатар бұл жинаққа ертедегі христиан тарихшыларының латын аудармалары – Евсевий Кесарийскийдің «*Церковная история*» и «*Хроника*» («Шіркеу тарихы» және «Шежіресі»), Павел Орозийдің «История против язычников» («Кәпірлерге қарсы тарихы»), Кассиодордың «Трехчастная история» («Үшжақты тарихы») және орта ғасыр тарихшыларының еңбектері - Севильялық Исидордың «Хроника»сы, Беда Достопочтенныйдың «Церковная история» «Шіркеу тарихы» деген еңбектер кірді.

Аталған барлық тарихи жазба ескерткіштер VIIIғ дейін жазылыпты. XI-XIII ғасырларда бұл тізім бірнеше очерктермен толықтырылды. Жаңа очерктердің танымал болуының себептері әртүрлі болды.



Мысалы, ағылшын тарихшысы ГАЛЬФРИД МОНМУТСКИЙДІҢ (1100-1154 / 1155) Артур патша жайлы баяндайтын «История бриттов» «Бриттар тарихы»(1138 жылға дейін) шығармасы оқырмандардың назарын қызықтылығымен тартты. Басқа да тарихи жазбалардың қатарындағы очерктер энциклопедиялық, тарихи-библиялық, тарихи-діни сипатта болды. Бұл шығармалар жалпы білім беру барысында, діни тәжірибеде қолдануға ыңғайлы екендігіне байланысты тартымды болды.

Ортағасырлық тарихшылар мен олардың аудиториясы



Ортағасырлық тарихшылардың қатары тек тарихшылардан ғана болмады. Көбінесе тарихты зерттеп, тарихшылар қатарында епископтар мен монастырь қауымдастықтарының өкілдері болды. Монастырлік тарихшылар 1000 жылға жуық кезде танымал бола бастады. Тарихты жазу тәжірибесі әсіресе Бенедикт монастырларында белсенді түрде дамыды. Монастырлық жазбаларда жиналған тарихи шығармалар ортағасырлық тарихи зияткерліктің ең таңқаларлық жетістіктерін көрсетеді. XIII ғасырда монастырлық тарихшылардың қоғамдағы рөлі төмендеді. Соған қарамастан, тіпті кейінгі ортағасырда да кейбір монастырлар тарихи жазбалардың маңызды орталықтары болып қала берді: мысалы, француздық Сен-Дени және ағылшындық Сен-Олбанс.

XIII ғасырда пайда болған францискандықтардың және доминикандықтардың ордендерінің мүшелері



Кітап: Тарих ғылымының тарихы

Дәріс: Орта ғасырлық тарихшының жұмысының пәні мен әдістері

тарихи жазбаларға жаңа көрініс берді. Доминикандар жан-жақты білімдердің қысқаша нұсқауларын және монументалды энциклопедияларын жазуға бейім болды. Монахтардың еңбектері патшалық және билеуші әулеттерге даңқ әкелетін саяси және идеологиялық жазбалардың сипатына ие болды. Тарихи жазбалар тек өткенге деген қызығушылықты қанағаттандырып қана қоймай, сондай-ақ, прагматикалық функцияларды (саяси, идеологиялық және заңды) атқарды. Хроникалар мен анналдар ғибадатханалар мен епископтық кафедралардың тұрмыстық және саяси құқықтарының құжаттық дәлелі ретінде, өздері құрған мемлекеттер мен саяси ұйымдарды басқаратын әулеттердің тарихи құқықтарының куәлігі ретінде қолданды.

Тарихшының мақсаты шындықты белгілеу болғандықтан, тарихи шығарманы жазу маңызды және жауапты жұмыс болды. ГИРАЛЬД КАМБРЕЙСКИЙ (1147-1223) өз жұмысының әртүрлі кезеңдерін сипаттаған кезде тарихи шығармаларды жазу барысын «көп еңбек талап ететін іс» немесе «қиын тапсырма» деп атады. Шынайы еңбекті жазудың ең маңызды шарты жиналған сенімді дереккөздердің барынша кең ауқымды болғанын талап етті. Ақпараттың жекелеген дереккөздерінің сапасы әртүрлі болғандықтан, оларға деген сенім де бір дәрежеде болмады.

Тарихшылар өздерінің көздерімен көргенді ең егжей-тегжейлі баяндады. Келесі ең сенімді ақпарат - куәгерлердің куәлігі. Жиі айтылған «сенімді адам» (яғни сенімді куә) сөз тіркесі оқырмандарға біреудің сөзінен жазылған хабардың сенімділігін растау үшін пайдаланылды. Жеке естеліктерінің айқын кемшілігі - олар өте қысқа уақыт аралығын қамтып, бір-ақ ұрпақтың өмірінен - 30 жылдан 50 жылға дейінгі уақытты ғана қамтыды. Жеке куәгерлердің куәлігінен басқа, ұжымдық әлеуметтік естеліктер - сыбыстар, өсектер, аңыздар ескерілді. Бұл ақпарат шамамен 100 жыл қамту аясымен, дәлірек дәлелдерден анық ажыратылды. Жүзжылдық шекара «бұрынғы» және «жаңа» заман арасындағы шекара ретінде анықталды.

Орта ғасыр тарихшылары үшін ежелгі дәуір - ол сол кезең туралы сенімді ақпаратты тек жазбаша жазбалардан ғана ала алатын кезең болды. Ауызекі аңыздарға, және батырлық жырларға деген көзқарас біржақты болмады. Тарихшылар ауызша сақталған ақпараттардың белгілі бір бөлігін ғана ақиқат деп таныды. Олар беделі жоғары жазбаша дәстүрге сөзсіз артықшылық берді. Ауызекі жырларға өткенді қалпына келтіру үшін басқа ешқандай материал болмаған жағдайда ғана еріксіз жүгінді.

Жазба ескерткіштері шеңберінде жергілікті мұрағаттарда жиналған құжаттық дереккөздер мен алдыңғы ғалымдардың тарихи жұмыстары ерекше бағаланды. Құжаттармен жұмыс істеу арнайы дағдыларды, ең алдымен, шынайы ескерткіштерді жалғаннан ажырата білу қабілетін талап етті. Құжаттық дәлелдердің шынайлығы «тарихи шындық» құбылысын қоғамның қалай түсінгендігі, қалай қабылдағандығына байланысты болды.

Мұрағат ортағасырлық тарихшылардың негізгі дереккөзі емес еді. Жазбаша дәстүрді – алдыңғы ғылымдардың жұмыстарын - олар ауыстыра алмады. Ортағасырлық Батыста үлкен кітапханалар қол жетімсіз болды. Жаңа тарихи жазбалар әдетте оларда жоқ болатын. Зерттеуші толық оқшаулануда жұмыс істеп, оның замандастарының қайсысы тарихпен айналысқанын білмеді. Кейінгі орта ғасырда кітапханалардың желісін кеңейтуімен жағдай бірте-бірте өзгере бастады. Көптеген және қазіргі заманғы жазбалармен танысудың нақты мүмкіндіктері тарихшыларға XV-XVI ғасырдың басында кітапты басып шығарудың дамуымен ғана ашылды.

Әртүрлі қоймаларды аралап кітапты іздестіру тарихшы автордың маңызды жұмысы болды. Бірақ бұл ақпаратты жинау әдісінің тиімділігі төмен болды. Аса қиындықтармен жиналған ақпараттардың сыны әдетте, жүйелі емес және формалды болды, себебі ол өткендердің фактілеріне емес, ақпарат көздерінің өзіне бағытталды. Орта ғасырларға тән болған жағдай - ол жазбаша жұмыстардың иерархиясының нақты теңестірілуі. Олар беделді және күдікті деп бөлінді. Беделді сенімді шығармалардың мәртебесін алу үшін жазбаша еңбектерге қойылған талаптар күрделі еді:

- 1) жазбаша ескерткіштердің ұзақ мерзімді пайдалануына байланысты
- 2) ол шығармалардың авторларының беделіне байланысты
- 3) шығармалардың қоғамда діни және моральдық жағынан тигізген пайдасына байланысты.

Дерек көзінің шынайылығын мойындау тарихи жұмыстың авторына еркін баяндау мүмкіндігі берілді дегенді білдірмеді. Тек мәтінді сөзбе сөз қайталау ғана қателер мен бұрмаланулардан сақтай алды. Кейде жазушылар өте қысқа тарихи деректерді қолдануға тырысты. Кейбір ортағасырлық авторлар өздерінің жұмысында бұрынғы ұрпақтың тарихшысы жасаған тек қана бір авторлық мәтінге сүйенді. Басқалары өткен оқиғалар туралы көптеген әңгімелерден өздерінің жазбаларын жинады. Орта ғасырлық «әңгімелер» олардың құрылымы мен мазмұны бойынша жинақталу арқылы жасалған болатын. Бұл орта ғасыр тарихнамасының төмен зияткерлік құндылығы туралы стереотиптік идеяларды тудырды. Бұл сын-



ескертпе ортағасырлық тарихшылар әзірлеген тарихи тұрғы пен ережелерді ескермеді. Сондықтан, бұл сынды біржақты деп атасақ та болады.

Латын білім беру және әдебиет дәстүрлері тарихнамаға үлкен әсер етті. Ортағасырлық латын тілі мектебі кейбір мәтіндердің, әсіресе Киелі кітаптың, сөзсіз беделін зерттеуге және тануға негізделген болатын. Осылай алынған білім стереотиптік бейнелер мен әдеби формулалар жиынтығымен шектелді. Библиялық экзегеза - түсіндірудің әмбебап әдісі ретінде пайдаланылғанын да есте сақтау керек. Библия ұқсастық құбылыстардың түпсіз көзі болды. Бұл діни және адамгершілік түйіндер бекітілген құбылыстар болған. Нақты тарихи оқиғаларды түсінуге кез келген әрекет Киелі кітаптағы ұқсастықтарды іздестірумен аяқталды: олардың ашылуы фактілерге шын мәнін беруді білдірді. Тарихи жазбаларда Киелі кітап тілін қолдану екіжақты нәтижеге әкелді: әдеби-риторикалық және тұжырымдамалық.

Тарихи оқиғалар немесе кейіпкерлер туралы әңгімелей, тарихшы дайын риторикалық клишелерді: әдеби формулаларды, кейіптерді, тұжырымдарды қолданды. Библияда айтылған оқиғалар бүкіл адамзат дамуындағы алдағы болатын тарихының образы деп тұжырымдалды. Заманауи кейіпкерлер мен библиялық прототиптердің арасындағы мағыналық ұқсастықтар бар деген сенім болды. Мұндай типтеу орта ғасырлардағы тарихи ойлаудың әмбебап әдісі еді. Әрбір сатқын Яхуда кейпінде салынды, бауырды өлтірген адам Каинға айналды, дінді ұстанған адам Христосқа, пайғамбарларға және әділдерге ұқсас болды.

Тарихнама халықтың тарихи жадысын көрсетпеді, оны қалыптастырмады. Ол ұлттық жады фрагменттерін (мифтер, аңыздар, әндер) сақтай алуы мүмкін, бірақ тарихи сана мен онда көрініс тапқан тарихтың жалпы көрінісі, негізінен, білімді діни қызметкерлерден құралған адамдардың тар шеңберінің қолында қала берді. Тарихи жазбалар бос уақытында адамдарға көңіл көтеру және ойын-сауыққа қолданылып, олардың қызығушылығын және білімге ұмтылысын қанағаттандыруға тиіс болатын. Бұл функциялар тарихи жазбаларды әдебиетпен біріктірді. Дауыстап оқуға арналғандықтан, ортағасырлық барлық дерлік тарихи жазбалар ұйқасталған. Жеке мәтіндердің кең таралуына тарихи тақырыптарды қолданатын басқа әдеби жанрлармен: рыцарлық қаһармандық эпос, рыцарлық және авантюристтік романдармен біріктірген қарапайымдылығы мен қызығушылығы себеп болды. Әртүрлі типтегі танымал тарихи жазбалар аудиторияның интеллектуалдық даярлығын қажет етпеді, бірақ сонымен бірге қоғамның әлеуметтік қажеттіліктерін, оның ішінде ең маңыздысы, қоғамның тарихи сананының қалыптасуы барысында пайда болған талаптарды қанағаттандырды. Бұл негізінен тарихи бірегейліктен бастау алды..


Күрделі және іргелі туындыларды оқу тек танымдық қызығушылықпен немесе белгілі бір шіркеудің немесе саяси құрылымның тарихын тереңірек зерделеу мақсатымен зерттеп жүрген зиялы қауымның тар топтарының еншілігінде еді. Мұндай шығармалар қолжазбалы көшірмелердің аз ғана санында сақталады және олардың таралуы бұл еңбектердің практикалық құндылықтарын бағалай білген қауымдастықтың шекарасымен шектелді. Монахтық шежірелер мен жылнамаларының, сондай-ақ саяси мақсаттарға - билеуші әулеттерді даңқтау не халықтардың саяси тарихын түсіну - ұмтылған жазулардың көбісінің тағдыры осындай.

Соңғылардың ішінде 35 тізімде сақталған УИЛЬЯМ МАЛЬМСБЕРИЙДІҢ (1090 / 1096-1142) «Деяния английских королей» - «Ағылшындардың патшаларының әрекеттері» (1125 ж.) деген еңбегі мен 38 тізімде сақталған Оттон Фрейзингенскийдің «Хроника»-«Шежіресі» сияқты тарихи-саяси және саяси-діни ескерткіштер сақталған. Екі шығарма да өздері жазылған Англия мен Оңтүстік Германиядан басқа жерлерде танымал болмады.

Көптеген тарихи жазбалардың жергілікті таралуы ортағасырлық қоғамның тарихи сана-сезімінің маңызды ерекшеліктерін көрсетті. Тарихқа қызығушылық прагматикалық және функционалды болды. Оның ең маңызды қызметі белгілі қоғамдастықтың саяси өзін-өзі тануы деп санауға болады.

Өмірдің саяси және әлеуметтік оқшаулануы тарихи патрикуляризмге сәйкес болды. «Өзіміздікі» деп есептелген әңгімелер жұртшылықтың назарын аударды.

Ортағасырлық қоғамның саяси құрылымының өзгеруі тарихнамалық шығармалардың түрлерін дамытуда көрініс тапты. XI-XII ғғ дейін, ерте орта ғасырлар дәуіріндегі тарихнама, халықты этникалық қоғам ретінде қарастыратын тек патшалық және империялық биліктің тарихы болып қалды. Келесі





ғасырларда тарихшылар епископстволарды, монастырларды, қалаларды, аумақтарды және әулеттерді зерттеді. Осы уақытта Еуропа тарихнамасының дамуындағы жарқын оқиғалардың бірі – тарихты әр халық өзінің тілінде жазуға көшті. Өткен тарих заңды биліктің көзі ретінде қарастырылды. Сонымен қатар, өткен тарихтың негізгі функциясы әлеуметтік интеграция екендігі айқынырақ біліне басталды. Өткенді зерттеп, «тарихи тамырлар мифін» құра отырып, ортағасырлық ақсүйектер кейіннен рыцарь этикасының негізіне айналған өздерінің ежелдегі ерліктері, еркіндіктері және діни қасиеттертері туралы әңгімелер жазды. Тарих патшалар мен аумақтық басшылардың билігіне қарсы ақсүйектерге топтық ынтымақтастық нормаларын дамытуға мүмкіндік берді. Қалалық коммуналар, ең алдымен Италияда, өткен тарихтағы жетістіктерді еске ала отырып өздерінің әкімшілік және саяси егемендігін ерекше көрсетіп өтті.

Бұл туындылар ақсүйектердің саяси автономиясы есебінен монархиялық билікті нығайтуға қарсы жасырын наразылықты білдірді. Ақсүйектердің тарихтағы ұлылығын және беделділігін айқындайтын кейіпкерлерді қалыптастырып, бұл тарихи туындылар ақсүйектердің айрықша рөлі мен еңбегін растайтын дәлел болды.

Ескі француз тарихи прозасының пайда болуы ақсүйектік оппозицияның практикалық міндеттерін ғана көрсетумен шектелмеді. Ол зайырлы қоғамдастықтың тарихи санасынында болған төңкерісті қуәландырды. Бұл төңкеріс тарихи жадтың жалпы құрылымының өзгеруімен байланысты еді. Тарихи жады рационалдық және жүйелі түрге көшті. Бұл академиялық латын тілінен ұлттық тілге, поэзиялық формадан прозаға, ауызша дәстүрден жазбаша бекітуге дейін ауысуда орын алды. Алайда, бұл үдерістегі басты рөл патшалық билікке тиесілі болды.

Монархиялық басымдықты нығайту құралы ретінде тарихнаманы саналы және мақсатты қолданудың идеясы француз Капетингтерінің бастамасы болды

"Большие французские хроники". Экземпляр Карла VI (закончен в 1379). Большинство миниатюр заключено в четырехлопастную рамку с трехцветным бордюром и выполнены т. н. «мастером рошиц».



Осада Константинополя Французская армия Битва за крепость Святого Климента (1356)

XIII ғасырдың аяғында «Большие французские хроники» «Үлкен Француз хроникасының» (1274) бірінші басылымы басылып шығарылады. Оның іргетасы Ұлы Карл дәуірі кезінде қаланған еді.

Ежелгі француз тілінде жазылған бұл көркем жинақтың негізгі идеясы патша әулетінің және ол басқаратын халық пен мемлекеттің ұлылығын негіздеу болып табылады. Франция тарихындағы кезеңдер бірінен кейін бірі билеген Меровингтар, Каролингтар және Капетинг әулеттерінің ауысуы арқылы жылнамаларда анықталған. Хроникаларда тек патшалар туралы ғана емес, сонымен қатар ұлттық тарихтың белсенді қатысушысы ретінде ұсынылған ақсүйектер туралы мәліметтер көп. Алайда олардың мемлекеттік басқарудағы рөлі шектелген.

Орта ғасырдың соңына қарай тарихнама бір жағынан, әлеуметтік және саяси сәйкестік көзіне, ал екінші жағынан, ұлттық интеграция көзіне айналды. Сонымен қатар, білімді адамдар арасында тарихқа деген жаңа көзқарас пісіп, өткенге деген қызығушылық тәуелсіз құндылыққа ие болды. Бұл құндылық христиандық дінтанудың прагматикалық пайдалылығынан және саяси легитимациядан тәуелді болмады.

Ұсынылған ресурстардың тізімі:

1. Барг, М. А. Эпохи и идеи : Становление историзма / М. А. Барг. — М., 1987.
2. Барг, М. А. Категории и методы исторической науки / М. А. Барг. — М., 1984.
3. Бессмертный Ю. А. Метод // Человек в мире чувств : Очерки по истории частной жизни в Европе и некоторых странах Азии до начала нового времени / под ред. Ю. Л. Бессмертного. М., 2000. С. 23.
4. Биск, И. История исторической мысли в новое время / И. Биск. — Иваново, 1983.
5. Блок М. Апология истории. М., 1983
6. Бычков, С. П. Введение в отечественную историографию XX в. / С. П. Бычков, В. П. Корзун. — Омск, 2001.
7. Гутнова, Е. В. Историография истории средних веков / Е. В. Гутнова. — М., 1985.



8. Историография истории нового времени стран Европы и Америки / под ред. И. П. Дементьева. — М., 1990.
9. Историография истории нового и новейшего времени стран Европы и Америки / под ред. И. П. Дементьева, А. И. Патрушева. — М., 2000.
10. Историческая наука и историческое сознание / под ред. Б. Г. Могильницкого. — Томск, 2000.
11. Ковальченко, И. Д. Методы исторического исследования / И. Д. Ковальченко. — М., 1987.
12. Коллингвуд, Р. Дж. Идея истории ; Автобиография / Р. Дж. Коллингвуд. — М., 1980.
13. Косминский, Е. А. Историография средних веков : V в. — середина XIX в. / Е. А. Косминский. — М., 1963.
14. Кроче, Б. Теория и история историографии / Б. Кроче. — М., 1998.
15. Lovejoy A. O. The Great Chain of Being : A Study of the History of an Idea. Cambridge (Mass.), 1936.
16. Могильницкий, Б. Г. История исторической мысли XX в. Вып. I—II / Б. Г. Могильницкий. — Томск, 2001—2003.
17. Насонов, А. Н. История русского летописания XI — начала XVIII в. / А. Н. Насонов. — М., 1969.
18. Немировский, А. И. У истоков исторической мысли / А. И. Немировский. — Воронеж, 1979.
19. Портреты историков : Время и судьбы. В 2 т. / под ред. Г. Н. Севостьянова, Л. Т. Мильской. — М., 2000.
20. Про, А. Двенадцать уроков по истории / А. Про. — М., 2000.
21. Румянцева, М. Ф. Теория истории / М. Ф. Румянцева. — М., 2002.
22. Савельева, И. М. История и время : В поисках утраченного / И. М. Савельева, А. В. Полетаев. — М., 1997.
23. Тош, Дж. Стремление к истине : Как овладеть мастерством историка / Дж. Тош. — М., 2000.
24. Шапиро, А. Л. Историография с древнейших времен по XVIII в. / А. Л. Шапиро. — Л., 1982.
25. Хейзинг Й. Homo ludens : В тени завтрашнего дня. М., 1992.
26. Февр Л. Бои за историю. М., 1991.